

## ЕГИПЕТ СУ РЕСУРСТАРЫ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Сағынбек Айзере Айдынкызы

[aizere.sagynbek99@mail.ru](mailto:aizere.sagynbek99@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті,  
Шығыстану кафедрасының 3 Курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.  
Ғылыми жетекшісі – т.ғ.к., профессор м.а., З.С Ильясова

Су ресурстары көптеген қақтығыстардың себепкері болып отыр. Даму, ауыл шаруашылығы, халықтың өсуі, шөлдердің басталуы, жауын-шашынның аздығы және т.б. трансшекаралық өзендерді біріктіретін факторға айналды. Табиғи судың жетіспеушілігі, тұщы су ресурстарының болмауы, осы факторлар біршама елдерге әсерлерін тигізіп отыр. Қазіргі таңда осындай өзекті тақырыптардың бірі Ніл мәселесі болып отыр. Нил – Африкадағы ең ұзын өзен.. 2013 жылы ғалымдар Амазон ең ұзын өзен 6992 шақырым, ал Нилдің 6852 шақырым екендігін анықтады. Нил өзенінің ағымдары Африка тұрғындары үшін өте маңызды. Нил өзені бассейнін 12 елге : Бурунди, Египет, Кения, Конго, Руанда, Судан, Оңтүстік Судан, Танзания, Уганда, Орталық Африка Республикасы, Эритрея және Эфиопияға бөліп отыр. Ежелден бері Нилдің су ресурстары суару және басқа да қажеттіліктер үшін қолданылған. Нилдің Египеттегі рөлі ерекше. Бұл Солтүстік Африкадағы жалғыз өзен, Сахара шөлі арқылы өтеді және Жерорта теңізіне жетеді.

Қазіргі таңда, ең үлкен африкалық Нил өзенінің суын бөлу мәселесі шиеленісіп барады. Ең алдымен бұл өзен ең үлкен және қарқынды дамып келе жатқан мемлекетке - Египетке әсер етеді. Қазіргі Мысыр толығымен Нилдің суларына тәуелді, ал Нил өзенінің 95% Судан, Эфиопия, Кения, Уганда, Руанда, Бурунди Танзания және Конго Демократиялық Республикасы (ДРК), Эритреяның басқа да елдерінен ағып шығады. Нил Мысырдың негізгі тіршілік артериясы болып табылады, ал өзенге қатысты болып жатқан бірқатар мәселелер, бұл жағдайларда елеулі алаңдаушылық тудырады. Нил өзенісіз мысырлықтардың өмір сүруі бірталай қиын болар еді. Бұл өзен , шын мәнінде, барлық мұқтаждықтарды қамтитын , ауыл шаруашылық жерлерін суарудың 100% -дық көзі болып табылады. Соның ішінде өзен ағынын навигациялау, туризм және демалыс осы Нил өзенімен тығыз байланысты. Нил сулары тұщы суды және электр энергиясын өндіруді (Асуан Гидротехникалық кешені) салуды көздейді, ол ең алдымен ауыр өнеркәсіп кәсіпорындарымен қамтамасыз етіледі.



(Источник : Wikimedia Commons/Yale Environment 360)

Сурет: Ақ және көгілдір Нілді көрсететін карта, сондай-ақ бөгеттің орналасқан жері

Египет үшін Нілдің маңыздылығы демографиялық және экономикалық факторлармен ғана шектелмейді. Сондай-ақ, саяси және геосаяси фактор өте маңызды, бұл елдегі су ресурстарын азайтуға әкелуі мүмкін. Әлеуметтік салада су тапшылығына байланысты теріс үдерістері Египетке ғана емес, сонымен бірге Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы тұрақтылыққа да әсер етуі мүмкін. Елді Ніл суларымен қамтамасыз ету мәселесі Египеттің ұлттық қауіпсіздігінің ең жоғары саласына жатады. Египетке қажетті мөлшерде Ніл суының түспеу қаупі мысырлықтардың әскери науқанын дереу бастауына себеп болуы мүмкін.

1906 ж. 13 желтоқсанда Англия, Франция және Италия арасында Нил өзенінің бассейнінде Ұлыбритания мен Египеттің мүдделерін қорғауға бағытталған келісімге қол қойылды. Эфиопияның өз суларын пайдалануға егеменді құқығы елемеді [1]. 1925 жылы Ұлыбритания мен Италия Тан көлдеріне қатысты ноталармен алмасты. Италия үкіметі Египет мен Судан басым құқығын мойындады. Көк Нил мен Ақ Нилдің басты суларында және үлкен Нил суының ағын қоймаларында жұмыстар жасауға тыйым салынуы, Эфиопия наразылық білдіруімен көрініс тапты. 1929 ж. 7 мамырда Египет және Ағылшындық Египет Суданы арасында келісім жасалып, Мысыр мен Судан тиісінше, 48 км<sup>3</sup> / жыл және 4 км<sup>3</sup>/жыл Нил өзенінің ағынын пайдаланады. 1956 жылы Судан тәуелсіздік алып, бұрын қол қойылған келісімдердің ережелерін әділетсіз деп санады. Ал Египет өзеннің барлық ағысын бақылауға алу үшін Асуан бөгетін салуды жоспарлады. 1929 жылғы келісім Египет және Судан арасындағы 1959 жылғы келісімнің негізі болды [1]. 1959 жылы Судан және Біріккен Араб республикасы (Египет және Сирия одағы) Нил өзені суын кешенді пайдалану туралы

келісімге қол қойып, оған сәйкес Египет жыл сайын 24 млрд м3 Ніл суын пайдалану құқығын алды, ал Судан-4 млрд м3. Тараптар сондай – ақ Мысырдың Ніл өзеніндегі Асуан бөгетін, ал Судан Көк- Нил өзеніндегі Розейрес «Roseires dam» бөгетін салумен келісті. Осы құрылыстарды салу нәтижесінде екі ел қосымша 32 млрд м3 су алды. Келісімдегі соңғы түзетулер бойынша суды тұтыну сандары төмендегідей бөлінді: Мысырға – 55,5 млрд м3, ал Судан – 18,5 млрд м3. Осылайша, Египет өзеннің су әлеуетінің 66% – ын, ал Судан-табиғи ағынның 22% - ын алады [2]. Қалған су булану есебінен жоғалады деп саналды. Өкінішке орай, бұл келісім Нил бассейнінде (Руанда, Кения, Танзания, Уганда, Эфиопия, Эритрея, Бурунди, Конго Демократиялық Республикасы, ал 2011 жылдан бастап Оңтүстік Судан) орналасқан басқа мемлекеттердің мүдделерін ескермейді. Сол себептен де Судан қазіргі таңда Эфиопиялық бөгеттің құрылысын қолдап отыр. Судан эфиопиялық бөгеттің құрылысына тек энергетикалық ынтымақтастықтың тиімді келешегіне байланысты ғана емес, сонымен қатар 1959 жылғы Шарттың квоталарына сәйкес Нил суының меншікті үлесін толық алу мүмкіндіктеріне үміт артып отыр [2].

Осылайша, Мысыр мен Судан Нил ағынын пайдалануға қатысты кейбір келіспеушіліктер болды. 1959 жылғы шартқа қол қойғанына қарамастан, Судан мен Мысырдың арасында Нил суына байланысты бірнеше түйісу орын алған болатын. Сондай-ақ, Мысыр-Судан қарым-қатынасын Нил мәселесімен ғана шектелмейді. Бұл жерде көптеген басқа да күрделі және шешілмеген мәселелер бар. Екі жақты қарым-қатынасқа қосымша шиеленіс "Халаиб үшбұрышының" тиесілігі туралы аумақтық даудың шиеленісуі болып табылады [6].

Ендігі кезекте Африкадағы ірі ГЭС құрылысының маңыздылығын атап өту қажет. 2011 жылы Эфиопия Көк Нилде, алаң құрылысы бойынша өзінің орасан зор жобасын іске асыруды бастады. Африкадағы ірі ГЭС құрылысы туралы алғаш рет 2011 жылдың ақпан айының басында сөз қозғала бастады. Екі айдан кейін Эфиопия премьер-министрі Мелес Зенауи, Эфиопия билігі орасан зор ұлттық жобаны іске қосу туралы ресми түрде жариялады. Ағылшын тілді БАҚ бірден пайда болған энергетикалық алып «жоба X» деген атау берді. Алайда бұл африкалық ГЭС-ның жалғыз атауы емес. Эфиопияның Мемлекеттік тілінде ол «Хидасэ», ал араб тілінде «Нахда» деп аталады. Бұл сөз екі тілде де "жаңғыру" дегенді білдіреді. Су электр станциясының толық ресми атауы - "Эфиопияның қайта өрлеу бөгеті", бірақ басқа да нұсқалары бар. Дамбаны салу үшін орын кездейсоқ таңдалған жоқ. Эфиопияда бұл өзен қасиетті болып саналады және аңыз бойынша Эдемнің өзінен шығады [3].

2013 жылдың мамыр айының соңында Эфиопия африкалық континентте Grand Ethiopian Renaissance Dam су электр станциясының бөгетін салу үшін көгілдір Нил суын бұруды бастағаны туралы хабарлама пайда болды. Өзен ағысы бойынша төменде орналасқан Мысыр мен Судан наразылық білдірді. Аддис-Абеба Көк Нилдің жоғарғы жағында су электр станциясының құрылысы жобасын жария етті. Мысырдың ирригация және су ресурстары министрлігінің өкілі: "Біз бөгет құрылысының соңғы нәтижесіне қол жеткізгіміз келеді, бірақ жанама әсерсіз", - дейді ол. Сонымен қатар, Мысырдың алаңдаушылығын атап өтті. "Фермерлер кейде біздің министрлікке өлі өсімдіктермен бас штаб-пәтерге келіп, судың жетіспеуі оларға залал келтіргенін дәлелдейді", - деді Халед М. Вассиф (EthioFreedom, 2013) [7].

2015 жылы Мысыр, Судан және Эфиопияның үш африкалық елдерінің көшбасшылары-Судан астанасында Хартумда келісімге өз қолдарын қойды. Онда Нил ресурстарын қоршаған ортаға зиян келтірмей және жағалаудағы мемлекеттердің экономикалық мүдделеріне зиян келтірмей тең - құқықтық пайдалану қағидаты бекітілген. Дегенмен, Мысыр өзінің қауіптерінен бас тартпады.

« " Қайта өрлеу бөгеті " Эфиопияның миллиондаған тұрғындары үшін жаңа мүмкіндіктер көзі болып табылады, өйткені экологиялық таза электр энергиясын өндіретін болады, бірақ Мысырда Нил жағалауының бойында тұратын ағайындар саны үшін ол қауіптілік көзі болып табылады. Себебі, Нил-олардың жалғыз су көзі, шын мәнінде-өмір көзі.» деді Египет президенті Абдель Фаттах ас-Сиси [2].

Мысырдың қауіптенуі бірнеше факторларға байланысты:

1. Біріншіден, Египет Үкіметі резервуарды толтыру кезінде Мысырға бағытталған Ніл ағыны айтарлықтай қысқарады, толтыру кезеңінде Мысырға бағытталған Ніл ағыны 15-30% - ға қысқаруы мүмкін.
2. Екіншіден, бөгет резервуардан судың булануы нәтижесінде су ресурстарының дағдылы түрде қысқаруын тудыруы мүмкін.
3. 2050 жылға қарай Египеттің халық саны болжамдарға сәйкес шамамен 150 млн. адамға дейін өскенде, елге шамамен қазіргі квотадан тыс. 21 млрд. м<sup>3</sup> су мөлшері қажет болады.

Мұндай жағдайда Египет жыл сайынғы нормадан орташа есеппен 20% - ға аз мөлшерде алатын болады, ал Асуан ГЭС электр энергиясын өндіру 40% - ға азайуы мүмкін [3]. Мысырдың қауіптенуі таңқаларлық жайт емес: Каир өзінің талаптарын 1929 және 1959 жылдардағы Мысырдың Біріккен Корольдігімен және Суданмен жасасқан келісімдеріне негіздейді. Алайда нілдік келісімдер осы уақыт ішінде жоғарғы жағалаудағы елдердің мүдделерін ескермеді, сондықтан бұл мәселенің басталуына бастапқыда жол салынған болатын.

Эфиопия, маңызды көрші және аймақтық одақтастық. Ұлы эфиопиялық «Қайта өрлеу» бөгетінің (Grand Ethiopian Renaissance Dam, GERD) амбициялық жобасын іске қосуда белсенді жұмыс жасауының әсерінен, Египет саяси басшылығы күрделі таңдаудың алдында тұр. Атап айтқанда, 2017 жылдың 18 қарашасында Мысыр президенті Абдель Фаттах ас-Сиси Египет үшін Ніл су ресурстарындағы өз үлесін сақтауы "өмір немесе өлім" мәселесі болып табылатынын мәлімдеді [4]. Эфиопия, осы жобадан үлкен ұтысқа түседі. Эфиопия билігінің басты міндеті-өсіп келе жатқан қажеттіліктер үшін электр қуатын Ніл арқылы өндіру. Осы тұста «Қайта өрлеу» бөгетінің Египетке тигізер әсерлері жайлы тоқтала кетсе болады:

1. Осы тұрғыдан алғанда, Эфиопия Мысырға ішкі қажеттіліктер үшін де, аймақтағы экспорт үшін де ГЭС базасында өндірілетін электр энергиясының қуаты бойынша тікелей бәсекелестікті құруды жоспарлап отыр.
2. Мысырдағы халықтың өсуіне және су ресурстарына деген қажеттіліктің артуына қарай GERD эфиопиялық жобасы қиындық әкелуі мүмкін. Оны іске асырған жағдайда Асуандағы су деңгейі төмендеуі мүмкін.
3. GERD жобасының Мысырдың ауыл шаруашылығына әсері зор. Мысырдың су ресурстарының 86% - дан астамын ауыл шаруашылығы мақсатына пайдаланады. Соның қатарында, күріш өсіру, жоғарғы Ніл жерлерінде қант қамысын өсіру.

Ендігі кезекте қазіргі жағдайға және тараптардың бұл мәселені шешуіндегі жолдарға тоқтала кетсе: Бұл туралы Египет президенті Абдель Фаттах ас-Сиси "Мысыр өзінің бауырлары — көрші мемлекеттердің ішкі істеріне ешқашан араласпайды және өз өңіріндегі көрші елдермен ешқашан жанжалдаспайды.. Біз тату көршілік қарым — қатынастарды жақтаймыз", - деді Египет көшбасшысы. Оның айтуынша, өңірде болған бірнеше қақтығыстар да жеткілікті". Абдель Фаттах ас-Сиси, Каир саясатының мақсаты — Египеттің "дамуы мен жаңғыруы" деп қосты [5]. Осыдан Египет - Эфиопия басшылығы екіжақты қарым-қатынастардың одан әрі нашарлауын қаламайтынын байқауға болады. Египет президенті Абдель Фаттах ас-Сисимен келіссөздердің қорытындысы бойынша 2018 жылғы 18 қаңтарында Каирде Эфиопия Премьер-министрі Х. Десалень көгілдір Нілде "Қайта өрлеу" бөгетінің құрылысы төменгі ағымдағы елдерге ешқандай қиыншылық тудырмайтынын мәлімдеді. Ол сондай -ақ эфиопиялық тараптың "бөгет бойынша техникалық топпен жұмыс істеуге, барлық проблемаларды шешу үшін, және мысырлықтардың су қауіпсіздігіне қауіп төндіруге тырыспайтынымызға сендіргіміз келеді"-деген болатын.

Африкадағы ірі гидроэнергетикалық жоба болып табылатын бөгет 6000 МВт электр энергиясын өндіре отырып, елдің талаптарына сай, сондай-ақ, көрші елдерге жеткізіледі. Эфиопия үшін бұл бөгет құқықтар мен мүмкіндіктерді кеңейту болып табылады. Бұл Эфиопия табысы орташа ел болуға мүмкіндік береді [7]. Эфиопия бөгеті бірнеше мемлекеттің игілігі болуы мүмкін, дегенмен, барлық аймақтағы шиеленісті күшейтеді. Египеттік дипломатияның қазіргі басты міндеті, осы мәселенің тек жалғыз шешімі ол —

бөгетті бірлесіп басқаруға тырысуда келіссөздерді жалғастыру. Бүгін африкалық шахмат тақтасында пат жағдайы орын алып отыр. Әлем су үшін соғыс қақтығысының жаңа түрінің куәгері болуы мүмкін. Қазіргі уақытта Каир Эфиопияға дипломатиялық қысым көрсетуге тырысады, бірақ нәтижесіз. Бұл жобаны іске асыру аймақта Эфиопия мәртебесін күрт арттыра алады. Аддис-Абеба ГЭС-ны "болашаққа қақпа" деп есептейді. Станция Эфиопияға электр энергиясымен өзінің барлық мәселелерін шешуге, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын дамытуға ғана емес, сонымен қатар осы ресурстың созылмалы жетіспеушілігіне тап болған көршілес елдерге электр энергиясын сатуға да мүмкіндік береді. Оқиғалардың кез келген дамуы барысында Ніл мәселесі, ең алдымен Египет, Эфиопия және Судан арасында келіспеушіліктің негізгі көзі болып қала бермек. Әзірше бір ғана жайт анық: қалыптасқан жағдай, жауаптан гөрі көп сұрақтардан тұрады.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Самсонов А. Стояние на Ниле. В Африке начинается борьба за водные ресурсы [Электронды ресурс] <https://topwar.ru/29705-stoyanie-na-nile-v-afrike-nachinaetsya-borba-za-vodnye-resursy.html>.
2. Плотина «Возрождение» в Эфиопии: Геополитический контекст и международное право. Екатерина Андреевна Борисова. Кандидат исторических наук, старший научный сотрудник, Институт востоковедения РАН (Москва, Российская Федерация) № 5 (174). С. 12–16 Всеобщая история 2018, УДК 327.5, DOI: 10.15393/uchz.art.2018.162.
3. Денисенко. Украденный Нил: великое возрождение Эфиопии // РСМД. 27.10.2017 [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://russiancouncil.ru/blogs/kristiana-denisenko/ukradennyu-nil-velikoe-vozhrozhdenie-efiopii/>
4. Водные ресурсы Египта: политический подтекст. 12 декабря, 2017 | Автор: Вартамян А.М.
5. О кризисе в египетско-суданских отношениях. 16 января, 2018 | Автор: Щегловин Ю.Б.
6. Проблема распределения вод Нила: трудности и перспективы. 19 марта, 2003 | Автор: Юрченко В.П.
7. Nile River's Basin Dispute: Perspectives of the Grand Ethiopian Renaissance Dam (GERD). By Yohannes Yihdego, Alamgir Khalil & Hilmi S. Salem. Management. Type: Double Blind Peer Reviewed International Research Journal. Publisher: Global Journals Inc. (USA). Volume 17 Issue 2 Version 1.0 Year 2017.